

Лекция 10.

Тақырыбы: Дәріс материалдарын студенттердің өз беттерінше ынталандыру жұмыстарының жолдары. Дәріс курсы бойынша семинарлар.

Лекция мақсаты мен міндеттері: Қазіргі білім беру жүйесі бойынша студенттерді аталмыш пәнге деген қызығушылығын ояту барысында, әр түрлі ынталандыру жұмыстарын жүргізу арқылы пәнді оқып үйрету.

Лекция мазмұны: Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі жүйесінің орнына оқытудың кредиттік жүйесі енгізіледі, ол оқытындардың өз бетінше белсенді жұмыс істеуіне ынталандырады, жеке білім бағытын таңдаудың болуын, ұтқырлығын, білім туралы құжаттардың әлемдік білім беру кеңістігінде танылуына әрекет етеді», - делінген.

Кредиттік оқыту жүйесі – жаңа технология, оның негізгі мақсаты әлемдік білім беру стандартына білім сапасын жақындатып, болашақ мұғалімнің нарық заманындағы бәсекеге қабілетті, өмірден өз орнын таба алуына негіз қалау болып табылады. Болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекеттерде даярлауда оқу жұмыстарын тиімді ұйымдастыра отырып, ізденімпаздыққа, дербестікке, нәтижелі сапалы еңбекке ұмтылуға шақыру.

Оқытудың кредиттік жүйесі – студентке өз бетінше, шығармашылық негізінде білім алуды өз жағдайына бейімдеп білім беретін технология.

Кредиттік оқыту жүйесінде оқытушы сабақта тек бір тақырыпты қамтып қоймай, тұтастай бір бөлімді игертуі тиіс. Курсты оқытуда студенттің өз бетінше жұмыс жасауының маңызы зор. Сол себепті студенттің өзіндік жұмысының екі түрінің де (ОБСӨЖ және СӨЖ) сапалы орындалуы, кредиттік технологияны оқыту процесіне табысты енгізуге тікелей әсер етеді.

Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттің жоғары оқу орнындағы бүкіл оқу курстары бойынша барлық оқу көлемінің үштен екі бөлігін СӨЖ алатын болса, онда болашақ мұғалімдерді даярлаудың сапасы оқытушы жетекшілігімен және қатысуынсыз жүргізілетін өздік жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылуына, әдістемелік жүйесіне тікелей байланысты болады. Студенттің өз бетімен игеруіне бөлінген оқу материалының көлемінің артуы және берілген уақыттың шектеулігі арасындағы қайшылықты тек студенттің танымдық белсенділігі мен өздік жұмысының тиімділігін арттыру және оқытушы, кафедра, деканат тарапынан өздік жұмысты ұйымдастыру, оны қадағалау арқылы шешуге болады. Өздік жұмысты ұйымдастырудың әдістемесі, әдістері мен формалары студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне қысым түсірмейтіндей және олар оны қажетті көмек пен танымдық белсенділікті арттыру құралы ретінде қабылдайтындай етіп жан-жақты ойластырылуы және икемді болуы тиіс.

Оқытушының СӨЖ-ді ұйымдастыру технологиясын білуі (өздік жұмыстың мақсатын, мазмұнын анықтау, тапсырманы құрастыру, бақылауды ұйымдастыру) және қолдануы, СӨЖ-дің жақсы нәтижеге жетуінің психологиялық шарттарын ескеруі, оқу пәнінің кәсіби бағыттылығын, жұмысты орындауға кететін студенттің уақытын ескеруі, өздік жұмысты дараландыруға талпынысы, тапсырмаларды талапқа сай даярлауы және педагогикалық шеберлігі студенттердің өзіндік шығармашылық іс-әрекетін дамытады, әрі СӨЖ-дің тиімді ұйымдастырылуына үлкен ықпал етеді.

СӨЖ-де оны ұйымдастырудың қағидалары басшылыққа алынады. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында өздік жұмысты ұйымдастырудың пәнаралық байланыс, тұлғаға бағытталу, пәнге және студенттің болашақ мамандығына бағытталу, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану сияқты қағидаларының маңызы арта түседі. Өздік жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуы ең алдымен оны дұрыс жоспарлауға тәуелді. Соған сәйкес СӨЖ-ді дұрыс, тиімді жоспарлау және ұйымдастыру үшін:

- студенттерге СӨЖ бен ОСӨЖ-дің тапсырмаларының жекелей болуы мен оқу-әдістемелік жағынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету;
- СӨЖ тапсырмаларын оқу жылының (семестрдің) басында беру;
- ағымдық және аралық бақылау формаларын жасау, оны бақылаудың саясаты, қалай бағаланатыны студентке айқын болуы;
- СӨЖ консультацияларының уақытын алдын-ала белгілеу сияқты шаралар жасалынды.

Болашақ мұғалімдердің пәнінің өздік жұмысын жоспарлауда оқу пәнінің және мамандыққа даярлаудың мақсаты ескерілді. Кредиттік технология оқытуды дараландыруға, оқу траекториясын таңдауға негізделеді. СӨЖ-ге жекелей тапсырмалар дайындауда студенттердің жеке бас ерекшеліктерін, зияткерлік қасиеттерін ескеріп, өздік жұмыстың жекелей және топтық түрлерін үйлесімді түрде қолдану қажет. Әр студент барлық оқу мерзіміне анықтама-жолнұсқамен және әр пән бойынша оқу-әдістемелік кешенмен (ОӘК) қамтамасыз етілуі тиіс.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер, бейнефильмдер.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ – жауап, түсіндіру

Деңгейлік тапсырмалар:

1. ҚР қазіргі білім беру жүйесіндегі ерекшеліктер
1. Кредиттік жүйе ұғымын қалай түсінесіз
2. Кредиттік жүйе бойынша тапсырмалардың орындалу реті
2. Дәріс материалдарын студенттердің өз беттерінше ынталандыру жұмыстарының жолдары
3. Кредиттік жүйенің сызықтық жүйеден айырмашылығы
3. ҚР Білім беру жүйесіне кредиттік жүйенің келу системасы

ОБСӨЖ тапсырмалары:

Дәріс материалдарын студенттердің өз беттерінше ынталандыру жұмыстарының жолдары ҚР Білім беру жүйесіне кредиттік жүйенің келу системасы

СӨЖ тапсырмалары:

ҚР қазіргі білім беру жүйесіндегі ерекшеліктер. . Кредиттік жүйе бойынша тапсырмалардың орындалу реті.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Таубаева Ш.Т. Теоретические основы проектирования государственных общеобязательных стандартов высшего профессионального образования. - Алматы: Гылым. -2003. -137с.
2. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. -144 б.
3. Теория и методика обучения физике в школе общие вопросы. /Ред. С.Е.Каменецкого, М., 2001.
4. Педагогика профессионального образования: учеб. пособие / Е. П. Белозерцев, А. Д. Гонеев, А. Г. Пашков/ под ред. В. А. Сластенина. - Москва : Академия, 2004. - 368 с.
5. Алимбекова Г.Б. Физика пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған оқу құралы. - Алматы , 2008. - 252 б.